



Жаһандық жылындың салдары ауыр

7-бет



Жетісу жолдары қашан жақсарады?

9-бет



Зұлмат жылдар жаңғырығы – «Ақ боз үй»

10-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№95 (30324) 23 МАМЫР, ДҮЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылынама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Халық реформаларды қолдайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қожановты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мәжіліс спикері Президентке депутаттардың халықпен өткізген кездесулерінің қорытындысы туралы мәлімет берді. Мәжіліс депутаттары алдағы референдумның және Конституцияға енгізілетін өзгерістердің маңыздылығын түсіндіру үшін өңірлерге сапармен барды.



Депутаттар күн сайын 250-ге дейін іс-шара өткізген. Еңбек ұжымдарында, базарларда, әлеуметтік нысандарда және шалғай елді мекендерде өткен кездесулерде тұрғындармен ашық пікір

алмасуға баса мән берілді. Жалпы, азаматтар ұсынылып отырған реформаларды қолдайды және референдумға қатысуға дайын.

(Соңы 2-бетте)

Кәсіпкер құқық қорғауды тапсырды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа агенттіктің көлеңкелі экономикаға, қаржылық пирамидаларға және елден капиталды жылыстатуға қарсы күрес саласындағы жұмыстардың нәтижесі туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына берілген деректерге сәйкес жыл басынан бері 727 экономикалық құқық бұзушылық анықталған және 67 миллиард теңгенің шығыны өтелген.

Президентке адал бизнеске жасалатын қысымды жою жөніндегі



тапсырмасының орындалу бағыты туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, Жанат Әлиманов құқық қорғау органдарына тән істерді жалпы қозғау тәжірибесі жойылғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, қазіргі уақытта тіркелетін қылмыстардың саны жыл сайын азайып келе жатқаны байқалады. Тергеу амалдарының мерзімі 3 есе, ақтау белгілері бойынша тоқтатылған істер саны үштен бірге

қысқарған. Нәтижесінде, мыңдаған азамат пен кәсіпкер қылмыстық қудалауға ұшырамайтын болды. Сондай-ақ соттарға жүгінетін адамдардың саны да айтарлықтай азайған.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің құқықтарын мүлтіксіз қорғау қажет екенін мән беріп, агенттік басшысына бірқатар тапсырма берді.

Ұлттық жоба таныстырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешевті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Президентке министрліктің биылғы бірінші тоқсанда атқарған қызметінің негізгі қорытындылары және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде есеп берілді.

Атап айтқанда, министр еліміздің экологиялық ахуалын жақсарту үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Оның айтуынша, жаңа Экологиялық кодекстің нормаларына сәйкес 83 ірі компанияға технологиялық аудит жүргізілген. Бұл олардың 2025 жылға дейін жаңа технологияға көшуге дайындығын



бағалауға мүмкіндік берді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы мен экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған өңірлік Жол карталарының жүзеге асырылу барысы таныстырылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына геологиялық саланың жағдайы мен Ұлттық геологиялық қызметті құру жұмыстары туралы баяндалды.

Бұдан бөлек Президентке су

шаруашылығы инфрақұрылымының ахуалы, вегетациялық кезеңді өткізу, жаңа Су кодексі, сондай-ақ орман шаруашылығы мен жануарлар әлемінің жай-күйі жөнінде ақпарат берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке экологиялық мәселелерді шешу, су шаруашылығы инфрақұрылымын жақсарту және геологиялық саланы дамыту жөнінде бірқатар нақты міндет жүктеді.

Мерекелерімен құттықтады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасы арқылы еліміздің мәдениет және өнер қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«21 мамыр – Қазақстанның мәдениет және өнер қызметкерлері күні. Ел идеологиясы мен жаңғыруында орны айрықша осы саланың барлық майталманын кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!», делінген парақшада.

Тиісті тапсырма берді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасы арқылы Мәдениет және спорт министрлігіне «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын қайтаруды қолға алу туралы тапсырма бергенін жазды.

«Бүгін тиісті министрлікке «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын қайтаруды қолға алу туралы тапсырма бердім», делінген Президенттің Twitter-дегі парақшасында.

Кәсіпқой бокс

Әлімханұлының апперкоты

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласындағы кәсіпқой бокс кешінің басты жекпе-жегі «Qazaq style» деген бүркеншік есіммен танылған Жәнібек Әлімханұлы мен ұлыбританиялық Дэнни Дигнум арасында өтті.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН, «Egemen Qazaqstan»

Бұл жекпе-жекте WBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы «уақытша» әлем чемпионы атағы сарапқа салынды. Лас-Вегаста қарсылас атанған

боксшылар бір-бірін бұрыннан жақсы танытып болып шықты. Осыдан тоғыз жыл бұрын, яғни 2013 жылы Қазақ еліне Ұлыбритания боксшылары келіп, біздің жігіттермен бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізді.

(Соңы 15-бетте)



ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жеңілдетілген автонесие: Алғашқы көлік берілді



Бір апта бұрын басталған 4 пайыздық жеңілдетілген автонесие бағдарламасы бойынша алғашқы отандасмыс көлігін алды. Астаналық Бекзат Тілегеннің тандауы құны 6,5 млн теңге тұратын Chevrolet Cobalt-ке түскен екен.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Бекзат Тілеген автокөлікті алу, ресімдеу жұмыстарының өзі ойлағаннан да жылдам жүргеніне қуанғанын, таңғалғанын жасырмады.

– Бағдарлама іске қосылған күні, яғни 16 мамырда түскі

үзіліс кезінде автосалонға келіп өтінім бердім. Жұмыс күні аяқталар шақта менеджер хабарласты. VIN-код пен төлемге арналған шотты алып кетуімді сұрады. Одан кейін банкке барып несиеге өтінім бердім. Өнеркәсіпті дамыту қорынан үш күннің ішінде несиеңіз мақұлданып туралы

жауап келді. Осылайша, банк менеджері өтінімнің мақұлданып отырғанын айтып сүйінші сұрады. Сөйтіп, көлікті ресімдеу жұмыстары басталды, – деді Бекзат.

Ол құжаттарды ресімдеу жұмыстарына шамамен 15 мың теңге төлегенін, сондай-ақ КАСКО сақтандыруының алғашқы айына төлем жасағанын жеткізді. Сақтандырудың жалпы сомасы көлік құнының 1,2 пайызына тең.

(Соңы 8-бетте)

РЕСМИ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін айқындайды және биологиялық кәсіпкерлерді болғызбауға бағытталған.

1-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

(Жалғасы 11-бетте)

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне:

(Соңы 14-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Мұрат Қалибекұлы Баймұқашев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары лауазымынан босатылды.

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1) ауруға бейім организм – патогенді биологиялық агентке инфекциялық және (немесе) паразиттік аурудың дамуы арқылы реакция беретін немесе оның тасымалдаушысы болатын адамның, жануардың, өсімдіктің организм;

2) әлеуметтік қашықтық – адамдар арасындағы инфекция жұқтыру тәуекелінің деңгейін төмендетуге қажетті онтайлы арақашықтық;

3) биологиялық қауіпсіздік – адамдардың және табиғи ортаның жекелеген компоненттерінің (атмосфералық ауаның, жерүсті және жерасты суларының, жер бетінің және топырақ қабатының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің және өзге де организмдердің (бұдан әрі – табиғи ортаның жекелеген компоненттері) қауіпті биологиялық факторлардан қорғалуының, оның ішінде биологиялық қорғау шараларымен қамтамасыз етілетін жай-күйі;

4) биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптар – Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ осы Заңның 9-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілетін тізбеге енгізілген нормативтік техникалық құжаттарда, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттарда қамтылған, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін нормалар;

5) биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – биологиялық қауіпсіздік саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) биологиялық қорғау – патогенді биологиялық агенттердің құқыққа сыйымсыз пайдаланудан физикалық қорғау (ұйымдастырушылық іс-шаралардың, инженерлік-техникалық құралдардың және оларды қорғау жөніндегі іс-қимылдардың жиынтығы), патогенді биологиялық агенттермен қауіпсіз жұмыс істеуді бақылау, есепке алу және қамтамасыз ету, олардың жоғалуын, жымқырылуын, оларға санкцияланбаған қол жеткізуді немесе олармен санкцияланбаған жұмыс істеуді, сондай-ақ патогенді биологиялық агенттер пайдаланылатын және (немесе) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризм актілерін және (немесе) диверсияларды болдырмау жөніндегі шараларды қабылдау арқылы іске асырылатын биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені;

7) биологиялық тәуекел – патогенді биологиялық агенттердің адамдардың, жануарлардың саулығына, өсімдіктерге зиян келтіру ықтималдығы, сондай-ақ олардың табиғи ортаның жекелеген компоненттерін тусу ықтималдығы;

8) көмекші персонал – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде қосалқы функцияны орындайтын жұмыскерлері;

9) қауіпті биологиялық фактор – патогенді биологиялық агенттердің және оларды қамтитын объектілердің, тасымалдаушылар мен жұқтырғыштардың адамдардың, жануарлардың саулығына, өсімдіктерге теріс әсер ету, сондай-ақ патогенді биологиялық агенттердің табиғи ортаның жекелеген компоненттерін тусу тәуекелдерін арттыруға алып келетін оқиға, жағдай, қасиет және (немесе) процесс;

10) микроорганизм штаммы – белгілі бір биологиялық қасиеттері бар микроорганизм түрінін біртекті өсіндісі;

11) патогенді биологиялық агент – адамның, жануардың немесе өсімдіктің организмінде инфекциялық және (немесе) паразиттік процесті туғызуға қабілетті микроорганизмдер, биологиялық және өсімдік тектес ұлар (уыттар), гельминттер, нематодтар;

12) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу – патогенді биологиялық агенттерді зерттеу, жою және (немесе) иммундық-биологиялық препараттарды әзірлеу мақсатында оларды бөлуге (табуға), әзірлеуге (жасауға), өндіруге (дайындауға), олардың айналымына (оның ішінде өкелуге (өкетуге), сақтауға, тасымалдауға) тікелей бағытталған патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу процестері (сатылары);

13) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын маман (бұдан әрі – маман) – техникалық және кәсіптік және (немесе) орта білімнен кейінгі білімі және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білімі және (немесе) ғылыми дәрежесі бар және белгіленген тәртіппен патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге жіберілген жеке тұлға;

14) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект – осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) химиялық профилактика – адамға, жануарға инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың алдын алу үшін химиялық препараттарды тағайындау;

16) ықтимал қауіпті биологиялық объект – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызмет жүзеге асырылатын жылжымайтын (стационарлық) немесе орналастырылатын мобилді объект.

2-бап. Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

Осы Заң биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

4-бап. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары

Биологиялық қауіпсіздікты мынадай қағидағтардың негізінде қамтамасыз етіледі:

1) патогенді биологиялық агенттермен тек қана әскери емес мақсаттарда жұмыс істеу: бактериологиялық (биологиялық) және ұытты қаруды әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау) және (немесе) оның қорларын жинақтау, пайдалану мақсатында патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге тыйым салынады;

2) биологиялық қатерлерді алдын ала тану: мемлекеттік органдар биологиялық қауіпсіздік саласындағы өкілеттіктерді іске асыру кезінде биологиялық қатерлер профилактикасының қажеттілігін басым тәртіппен басшылыққа алуға, биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг деректері негізінде биологиялық қатерлерді талдауға және болжауға тиіс;

3) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді бақылауда ұстау: патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылады, оларды сақтау биологиялық тәуекелдерді басқару, патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібін қолдану, биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеу және болжау (модельдеу), биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде қамтамасыз етіледі;

4) мемлекеттік реттеу шараларының мөлшерлес болуы: биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактика шаралары биологиялық факторлардың қауіптілік дәрежесіне, оның ішінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы өлшемшарттар мен сыныптамаға сәйкес мөлшерлес болуға тиіс;

5) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің басымдығы: халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сәйкес келмейтін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіре алатын немесе Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне айыруға алып келетін міндеттемелерді қабылдауға жол берілмейді.

5-бап. Негізгі биологиялық қатерлер

1. Мыналар негізгі биологиялық қатерлер болып табылады:

1) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге әсер ететін табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың (бұдан әрі – төтенше жағдай) туындауы;

2) адамның және (немесе) жануарлардың аса қауіпті инфекциялық ауруы жағдайы;

3) халықтың, жануарлардың инфекциялық сырқаттанушылығының орташа статистикалық деңгейден асып түсуі;

4) инфекциялық аурулардан болатын өлімнің (өлім-жітімнің) орташа статистикалық деңгейден асып түсуі;

5) өсімдіктер ауруларының зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары таралуы;

6) Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктердің карантиндік ауруларының таралуы;

7) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде туындаған, биологиялық тәуекелдің туындауына нақты немесе ықтимал мүмкіндік жасайтын жағдай;

8) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі талаптардың бұзылуы, оның ішінде патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі ақпаратты жасыру;

9) патогенді биологиялық агенттерге санкцияланбаған қол жеткізу;

10) патогенді биологиялық агенттермен реттелмейтін еркін жұмыс істеу;

11) патогенді биологиялық агенттер пайдаланылатын және (немесе) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризм актілері және (немесе) диверсиялар, патогенді биологиялық агенттерді бактериологиялық (биологиялық) және ұытты қару ретінде әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау) және пайдалану үшін биологиялық технологияларды және өзге де аралас технологияларды қолдану;

12) патогенді биологиялық агенттердің дәрілік, химиялық және (немесе) биологиялық құралдардың әсеріне төзімділігін (резистенттілігін) қалыптастыру;

13) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мамандар біліктілігінің төмендігі, кадрлардың жетіспеушілігі;

14) аса қауіпті инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды жұқтырғыштар және (немесе) тасымалдаушылар болып табылатын халықтың көшуі және жануарлар мен өсімдіктердің мекендеу ортасының өзгеруі;

15) Қазақстан Республикасының аумағында ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге әсер ететін және (немесе) патогенді биологиялық агенттерді қолдануға байланысты соғыс қимылдары.

2. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде, сондай-ақ патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер ұйымдастырушылық іс-шараларды әзірлеу кезінде осы баптың 1-тармағында санамаланған биологиялық қатерлерді болдырмауға бағытталған тетіктерді көздейтін ережелердің тұжырымдалуын қамтамасыз етуге міндетті.

2-тарау. БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

6-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы негізгі проблемалар мен қатерлер, стратегиялық мақсаттар, негізгі бағыттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер және нәтижелерді көрсеткіштері, ведомстваралық өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында айқындалады.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласында жедел ведомстваралық ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және үйлестірілген шараларды қабылдау биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

3. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеудің рұқсат беру тәртібін енгізу;

3) биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу;

4) биологиялық тәуекелдерді басқару;

5) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеу және болжау (модельдеу) арқылы жүзеге асырылады.

7-бап. Ведомстваралық үйлестіру

1. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомстваралық үйлестіруді биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында мемлекеттік органдар, ұйымдар биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды реттеу мен іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзет іс-шаралары өткізілетін орындарда күзетілетін адамдардың және объектілердің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомстваралық үйлестіруді және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3. Терроризмге және экстремизмге қарсы, оның ішінде патогенді биологиялық агенттер пайдаланылатын және (немесе) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ведомстваралық үйлестіруді Қазақстан Республикасының терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады.

4. Ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге әсер ететін және (немесе) патогенді биологиялық агенттердің әсерінен туындаған төтенше жағдайлар

кезінде басшылықты және салааралық үйлестіруді, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды іске асыруды, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуді Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін жаһандық, өңірлік және жергілікті ауқымдардағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарлары биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың іс-қимылдарының, ведомстваралық өзара іс-қимылдың алгоритмдерін көздейтін биологиялық қауіпсіздік саласындағы ден қою хаттамаларын да (сценарийлерін) қамтуға тиіс.

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган және мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге әсер ететін және (немесе) патогенді биологиялық агенттердің әсерінен туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша, оның ішінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы ден қою хаттамаларын (сценарийлерін) іске асыру арқылы жәрдем көрсетеді.

5. Соғыс жағдайы режимі жағдайларында және Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мен қорғанысы шеңберінде биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ведомстваралық үйлестіруді Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің биологиялық қауіпсіздік саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне мыналар жатады:

1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

2) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын және оларды қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-бағуға уәкілеттік берілген ұйымдардың тізбесін бекіту;

3) патогенді биологиялық агенттердің патогенді және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін бекіту;

4) өзінше осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындау.

9-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың жобаларын келісу;

2) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйені жүргізу;

3) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілерді, ықтимал қауіпті биологиялық объектілерді, патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттерді және оларды қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-бағуға уәкілеттік берілген ұйымдардың тізбесін әзірлеу;

5) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын және оларды қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-бағуға уәкілеттік берілген ұйымдардың тізбесін әзірлеу;

6) биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламаларын келісу;

7) патогенді биологиялық агенттердің патогенді және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін әзірлеу;

8) патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыру үшін мамандардың кадр резервин қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

9) биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) биологиялық тәуекелдерді басқару әдістерімен келісу;

11) биологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

12) биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) осы Заңның 10-бабының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар жүргізетін биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеу;

14) биологиялық қатерлерді талдау және болжау;

15) биологиялық қауіпсіздік саласындағы нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды келісу;

16) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

17) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес жұртшылыққа Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігін жай-күйі туралы хабар беру;

18) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

10-бап. Мемлекеттік органдардың биологиялық қауіпсіздік саласындағы құзыреті

1. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде мына мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

- 1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган;
- 2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;
- 3) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган;
- 4) өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган;
- 5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;
- 6) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;
- 7) ғылым саласындағы уәкілетті орган;
- 8) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
- 9) мемлекеттік кіріс органдары;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;

11) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары;

12) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары;

13) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

2. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде, оның ішінде:

1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес жұртшылыққа биологиялық қатерлердің тәуекелдеріне алып келетін жағдайлар туралы хабар беру;

3) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы статистикалық ақпаратты және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманы (ақпаратты) беру;

4) биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың жобаларын келісу;

5) биологиялық тәуекелдерді басқару әдістерімен әзірлеу және бекіту;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы жүзеге асырады.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, ветеринария, өсімдіктерді қорғау, ғылым саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдар осы баптың 2-тармағында көрсетілген функциялардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде:



(Жалғасы. Басы 1, 11-беттерде)

ендіру және биологиялық қауіпсіздік пен биологиялық қорғау жүйесін жаңғырту;

4) патогенді биологиялық агенттер пайдаланылатын және (немесе) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризм актілерін және (немесе) диверсияларды болдырмау және олардың салдарларын жою;

5) Қазақстан Республикасын биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекетаралық және халықаралық жүйелеріне және өзге де халықаралық интеграциялық бірлестіктерге интеграциялау, халықаралық ғылыми алмасуға қатысу;

6) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен микроорганизмдер штамдарын халықаралық депонирлеуге қатысу;

8) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге әсер ететін және (немесе) патогенді биологиялық агенттердің әсерінен туындаған халықаралық сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулауға және жоюға қатысу;

9) биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында мемлекетаралық өзара іс-қимыл жасау;

10) патогенді биологиялық агенттердің трансшекаралық орны ауыстыруын реттеу;

11) биологиялық қатерлерді болдырмау мақсатында халықаралық шарттарға сәйкес ақпарат алмасу.

3. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастық ашықтық пен басқа мемлекеттерге қарсы бағытталмаушылыққа негізделген.

3-тарау. БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

13-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы өшемшарттар мен сыныптамалар

1. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу патогенді биологиялық агенттердің патогенді және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасына негізделеді:

1) патогендігі I топ – адамдардың және (немесе) жануарлардың өлім (өлім-жітім) деңгейі жоғары аса қауіпті инфекциялық ауруларын туғызатын, инфекция жұқтырған организмнен сау организмге жеңіл таралатын, әдетте, оларға қатысты вакциналар және тиімді терапия құралдары жоқ патогенді биологиялық агенттер;

2) патогендігі II топ – адамдардың және (немесе) жануарлардың инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларын туғызатын, инфекция жұқтырған организмнен сау организмге жеңіл таралатын, оларға қатысты вакциналарды қоса алғанда, емдеу мен профилактиканың тиімді құралдары мен тәсілдері қолжетімді болатын патогенді биологиялық агенттер. Бұл топ: аса қауіпті инфекциялық ауруларды; инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды туғызатын патогенді биологиялық агенттер болып бөлінеді;

3) патогендігі III топ – адамдардың және (немесе) жануарлардың инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларын туғызатын не өсімдіктерге айтарлықтай зиян келтіруге қабілетті, инфекция жұқтырған организмнен сау организмге таралатын ең аз деп сипатталатын, оларға қатысты вакциналарды қоса алғанда, емдеу мен профилактиканың тиімді құралдары мен тәсілдері қолжетімді болатын патогенді биологиялық агенттер;

4) патогендігі IV топ – адамдардың және (немесе) жануарлардың инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларын туғызатын не өсімдіктерге зиян келтіруге қабілетті, әдетте, инфекция жұқтырған организмнен сау организмге таралмайтын, оларға қатысты вакциналарды қоса алғанда, емдеу мен профилактиканың тиімді құралдары мен тәсілдері қолжетімді болатын патогенді биологиялық агенттер.

2. Патогендігі II топтағы патогенді биологиялық агенттер болып табылатын микроорганизмдердің аттенуацияланған (әлсізріген) штамдары патогендігі III топтағы патогенді биологиялық агенттерге жатады.

Патогендігі III топтағы патогенді биологиялық агенттер болып табылатын микроорганизмдердің аттенуацияланған (әлсізріген) штамдары патогендігі IV топтағы патогенді биологиялық агенттерге жатады.

3. Патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жақтық өлшемшарттары және патогенді биологиялық агенттердің тізбесі олардың осы бапта көрсетілген патогенді және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасы ескеріле отырып, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұсынымдары, биологиялық тәуекелдерді бағалау нәтижелері ескеріле отырып қалыптастырылады.

14-бап. Биологиялық тәуекелдерді басқару

1. Биологиялық тәуекелдерді басқару қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен теріс салдарлардың туындауы ықтималдығын төмендету мақсатында қолданылады.

2. Биологиялық тәуекелдерді бағалау биологиялық тәуекелдерді басқару элементі болып табылады және патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қызметтің әртүрлі салаларында қауіпті биологиялық факторлардың, құралдардың, әдістердің, технологиялардың, көрсетілген қызметтердің әсерінен теріс салдарлар туындауының алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралар жиынтығын білдіреді.

3. Биологиялық тәуекелдерді бағалау патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге, ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге, инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың эпидемиялық және эпизоотиялық ошақтарына және ықтимал ошақтық аумаққа қатысты жүргізіледі.

Биологиялық тәуекелдерді бағалау сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

4. Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалауды мемлекеттік органдар белгіленген құзыреті шегінде жүргізеді.

Биологиялық тәуекелдерге сыртқы бағалау жүргізу үшін мемлекеттік органдар өздерінің ведомстволық бағынысты ұйымдарын тартуға құқылы.

5. Биологиялық тәуекелдерді ішкі бағалауды патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі өз қызметіне қатысты жүргізеді.

6. Биологиялық тәуекелдерді бағалау биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесі оның ішінде ғылыми-әдістемелік база ескеріле отырып әзірленеді және онда биологиялық тәуекелдерді деңгейлері бойынша сатылау көзделуге тиіс.

7. Биологиялық тәуекелдерді олардың деңгейіне қарай бағалау нәтижелері қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен халықты қорғау және табиғи ортаның жекелеген компоненттерін сақтау үшін жағдайлар қамтамасыз етілетін, биологиялық тәуекелді оның жол берілетін (қолайлы) деңгейіне дейін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін пайдаланылуға тиіс.

8. Биологиялық тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін, сондай-ақ биологиялық тәуекелдерге ішкі бағалауды жүргізу тиімділігін бақылау биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Биологиялық тәуекелдің деңгейіне қарай уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде патогенді

биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын, орындалуы міндетті талаптарды әзірлейді.

15-бап. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру

1. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу процесі құрамында патогенді биологиялық агенттер (ықтимал қауіпті биологиялық заттар) болуы мүмкін заттар мен материалдарды, оның ішінде табиғи ортаның жекелеген компоненттерін, аса қауіпті инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды жұқтырғыштар мен тасымалдаушылардан (оның ішінде олардың тіршілік ету өнімдерінен) іріктеу мен зерттеу арқылы жүзеге асырылатын оларды табуды қамтиды.

2. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер:

1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны алуға;

2) биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптарды сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу рәсімін өтуге;

4) қол жетімділігі шектеулі ақпаратпен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

5) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы статистикалық ақпаратты және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманы (ақпаратты) беруге;

6) биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес биологиялық тәуекелдер деңгейін ескере отырып, ықтимал қауіпті биологиялық объектілердің биологиялық қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге;

7) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеудің барлық сатысында олармен қауіпсіз жұмыс істелуін бақылауды жүзеге асыруға;

8) биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға, осы Заңның 10-бабында көрсетілген мемлекеттік органдарға биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жәрдемдесуге;

9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның, ветеринария, өсімдіктерді қорғау саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелеріне, ғылым саласындағы уәкілетті органға патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу процесіндегі авариялар (төтенше жағдайдың туындауы), жұмыскерлердің инфекциялық ауруларды жұқтыру фактілері туралы дереу хабар беруге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басшыларды, мамандарды және көмекші персоналды мерзімді медициналық қарап-тексеруден және зерттеу-қараудан өткізуді, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды жүргізуді, олардың білімін тексеруді ұйымдастыруға;

11) экспорттық бақылауға жататын патогенді биологиялық агенттерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы импорттау, экспорттау, кері экспорттау не транзиттеу кезінде Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

3. Патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерден басқа:

1) патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын, даярланған мамандардың болуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қолжетімділігі шектеулі режимді қамтамасыз етуге;

3) биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларында айқындалған тәртіппен:

қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылатын ақпараттық жүйелерді биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйемен интеграциялауға; тиісті тізілімге енгізу үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға, ветеринария, ғылым саласындағы уәкілетті органдарға патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандар туралы ақпарат беруге міндетті.

4. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі комиссияның (режимді комиссияның) қорытындысы негізінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны береді.

5. Аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық қолдінгіге тиесілі өзге де заңды тұлғалар жүзеге асырады.

6. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы референттік (референс-) зерттеулер:

1) диагностикалық күрделі және сараптамалық жағдайларда;

2) аса күрделі жағдайларда зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, патогенді биологиялық агенттерді сәйкестендіру мақсатында;

3) жаңадан анықталған патогенді биологиялық агенттерді зерделеу мақсатында;

4) күмәнді немесе даулы жағдайларда сараптамалық қорытынды беру үшін жүзеге асырылады.

7. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы референттік (референс-) зерттеулерді осы қызметке жіберілген ұйымдар референттік (референс-) зерттеулерді жүзеге асыру және жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

8. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы референттік (референс-) зерттеулерді жүзеге асыратын субъектілер ұлттық стандарттарға сәйкес келуге және сапаны сыртқы бағалау жүйесін ендіру және оның жұмыс істеуі жөніндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты, сондай-ақ патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметтің сапасын сыртқы бағалауды жүзеге асыруға тиіс.

16-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг биологиялық тәуекелдерді басқару элементтері болып табылады және қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен теріс салдарлар туындауының алдын алуға бағытталған.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеудің барлық кезеңінде:

1) мыналардың патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің; ықтимал қауіпті биологиялық объектілердің; патогендігі I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттердің;

патогендігі I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың тізілімдерін жүргізу;

2) статистикалық ақпаратты және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманы (ақпаратты) жинау және талдау;

3) аумақты, табиғи ортаны жекелеген компоненттерін, аса қауіпті инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды жұқтырғыштар мен тасымалдаушыларды (оның ішінде олардың тіршілік ету өнімдерін), заттар мен материалдарды зерттеу-қарауды жүргізу, халықтың, жануарлардың, өсімдіктердің инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларының туындау себептері мен жағдайларын анықтау;

4) ведомстваралық ақпарат алмасу;

5) халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ақпарат алмасу;

6) ашық дереккөздерден алынатын ақпаратты жинау, қорыту және талдау арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу тәртібі, биологиялық қауіпсіздік саласындағы статистикалық ақпараттың және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманы (ақпаратты) түрлері, биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйені қалыптастыру және жүргізу тәртібі, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру тәртібі биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларында айқындалады.

17-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйе

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйе биологиялық қауіпсіздік саласындағы орталықтандырылған есепке алу және мониторингтеу, биологиялық тәуекелдерді басқару, мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары арасында ақпарат алмасу арқылы жағдайды талдау, биологиялық тәуекелдерді болжау және модельдеу, үйлестірілген және желелі ден қою шараларын тұжырымдау мақсатында құрылады.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым биологиялық қауіпсіздік саласындағы ақпараттандыру объектілері болып табылады.

3. Биологиялық қауіпсіздік мәселелері қозғалатын салаларда мемлекеттік реттеуді (қызметті) жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары), сондай-ақ патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер биологиялық қауіпсіздік саласындағы ақпараттандыру субъектілері болып табылады.

4. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйе ақпараттандыру субъектілері беретін статистикалық ақпараттың және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманың (ақпараттың) негізінде қалыптастырылады.

5. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйеге келіп түсетін ақпарат біріздендірілген түрде жинақталады және биологиялық қауіпсіздік саласындағы бірінші ұлттық дерекқорды құрады.

6. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйені құруды, жетілдіруді және пайдалануды және онда сақталатын және өңделетін мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

18-бап. Жеке және заңды тұлғалардың биологиялық қауіпсіздік саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Жеке және заңды тұлғалардың:

1) қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен қорғалуға;

2) шетелдерге және Қазақстан Республикасының инфекциялық және (немесе) паразиттік сырқаттанушылық бойынша эндемиялық өңірлеріне жоспарлы баруға байланысты ықтимал биологиялық тәуекелдер және олардың профилактикасы жөніндегі шаралар туралы ақпарат алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық санитариялық ахуалдар, сондай-ақ қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен халықты қорғауға және табиғи ортаның жекелеген компоненттерін сақтауға, биологиялық қатерлерді болдырмауға бағытталған, қабылданып жатқан шаралар туралы анық және уақтылы ақпарат алуға;

4) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға жүгінуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жеке қорғалуға қойылатын талаптардың орындалуын ескере отырып, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға қатысуға құқығы;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар.

2. Жеке және заңды тұлғалар:

1) осы Заңның 10-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік органдардың құзыреттеріне сәйкес оларға патогенді биологиялық агенттерді құқыққа қарсы (санкцияланбаған) пайдаланудың не олармен еркін жұмыс істеудің барлық белгілі болған фактілері туралы хабарлауға;

2) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты көрінеу жалған ақпаратты таралуына жол бермеуге;

3) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасында белгіленген шектеулер қабылданған жағдайда патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа қатысты талаптарды орындауға;

4) басқа жеке және заңды тұлғалардың қауіпті биологиялық факторлардың әсерінен қорғалу құқықтарының бұзылуына алып келетін әрекеттерді жүзеге асырмауға міндетті.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша болмаса, патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметке тыйым салынады.

3. Жеке тұлғалар осы баптың 2-тармағында көрсетілген міндеттерден басқа:

1) тұрған жеріндегі медициналық ұйымдарға инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруға тән белгілермен ұштасатын денсаулық жағдайының нашарлау фактісі бойынша уақтылы жүгінуге;

2) инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруға байланысты медициналық көмекке жүгінген жағдайда осы жүгінудің алдында шетелде және (немесе) Қазақстан Республикасының инфекциялық және (немесе) паразиттік сырқаттанушылық бойынша эндемиялық аумағында болғаны туралы хабарлауға;

3) айналасындағылар үшін қауіп төндіретін инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулар диагностикаланған жағдайда тұрған жеріндегі медициналық ұйымдарға осындай диагностикалаудың алдындағы байланыстар туралы ақпаратты уақтылы хабарлауға міндетті.

19-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактика

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактика Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және эпидемияға қарсы, ветеринариялық, фитосанитариялық іс-шаралар кешенін, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды және

биологиялық тәуекелдерді басқаруға, биологиялық қатерлерді болдырмауға және тежеуге бағытталған өзге де шараларды қамтиды.

Мемлекеттік органдар биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактикалық іс-шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактика мынадай:

1) жалпы;

2) биологиялық қатердің көзіне бағытталған;

3) қауіпті биологиялық факторға бағытталған;

4) ауруға бейім организмге бағытталған профилактикалық іс-шараларға бөлінеді.

3. Жалпы профилактикалық іс-шаралар:

1) биологиялық тәуекелдерді мониторингтеу мен талдауды, оның ішінде инфекциялық және (

(Соңы. Басы 1, 11-12-беттерде)

терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар немесе патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын объектілер (бұдан әрі – бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері немесе объектілері болып табылады.

3. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілері эпидемиялық, эпизоотиялық, эпифитотикалық тәуекел дәрежесі жоғары объектілерге жатады. Эпидемиялық, эпизоотиялық, эпифитотикалық тәуекел дәрежесі жоғары объектілер екі топқа бөлінеді:

1) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілер;

2) патогенді III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілер.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерін аталған топтарға жатқызу патогенді биологиялық агенттердің патогенді және қауіптілік дәрежесі бойынша сыйынбамасты ескеріле отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарының және патогенді биологиялық агенттер тізбесінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне көзделген нысандарда жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) осы Заңның 21-бабына сәйкес жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін.

21-бап. Жедел ден қою шараларын қолдану тәртібі

1. Жедел ден қою шаралары бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті не оның жекелеген түрлерін жүзеге асыруды мынадай:

1) патогенді I және (немесе) II топтардағы аса қауіпті патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу бойынша ақпаратты бермеу, жасыру және (немесе) анық емес ақпарат беру;

2) патогенді I және (немесе) II топтардағы аса қауіпті патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілерді физикалық қорғау, патогенді биологиялық агенттердің санкцияланбаған орын ауыстыруын және олардың осы объектілердің шегінен тыс жерге шығарылуын болдырмау жөніндегі талаптарды бұзу;

3) персоналдың жеке қорғану құралдарының болмауын не санының жеткіліксіз болуын қоса алғанда, ықтимал қауіпті биологиялық объектілердің персоналдың патогенді биологиялық агенттердің зиянды әсерінен қорғау жөніндегі талаптарды бұзу;

4) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын объектілерде олармен жұмыс істеу кезінде желдету жүйесінің не ауаны баптау жүйесінің жарамсыз күйде болуы;

5) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын объектілерде сарқынды суларды (септик, шұңқыр) зарарсыздандыру жөніндегі талаптарды сақтамау, көріз желісінің жарамсыз күйде болуы;

6) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу нәтижесінде түзілетін қалдықтарды қәдеге жарату жөніндегі талаптарды бұзу;

7) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттердің және ықтимал жұқтырылған материалдың қозғалыс ағымдылығы жөніндегі талаптарды өрескел бұзушылықтар;

8) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қызметті жүзеге асыруға қажетті технологиялық жабдықтың (патогенді биологиялық агенттерді сақтауға арналған контейнерлер мен температурасы төмен шақфадтарды, сору шақығының, автоклавтың, термостаттың, су моншасының) болмауы, жарамсыз не жұмыс істемейтін күйде болуы;

9) белгіленген тәртіппен рұқсаты жоқ персоналдың патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруы;

10) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттерді тасымалдау және (немесе) сақтау талаптарын бұзу негіздерінің бірі бойынша тоқтата тұру құқығын көздейді.

2. Жедел ден қою шаралары бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметке не оның жекелеген түрлеріне мынадай:

1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаның болмауы;

2) эпидемиялық тәуекел дәрежесі жоғары объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болмауы;

3) аса қауіпті инфекциялық ауруларды туғызатын патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттер түрлерінің әрқайсысымен жұмыс істеуге арналған «жұқпалы» аймақ үшін тамбуры (бокс алдындағы белмесі) бар жеке оқшауланған үй-жайлардың (бокс-тартап) болмауы;

4) патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын объектілерде желдету жүйесінің не ауаны баптау жүйесінің болмауы;

5) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті не оның жекелеген түрлерін жүзеге асыруда тоқтата тұруға негіз болған мән-жайларды, себептерді белгіленген мерзімдерде жоймау негіздерінің бірі бойынша тыйым салу құқығын көздейді.

3. Бақылау және қадағалау органы профилактикалық бақылау немесе тексеру жүргізу барысында жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болған талаптардың бұзылу фактісін анықтаған кезде жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқаманы (актіні, қаулыны) ресімдейді.

4. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқамада (актіде, қаулыда):

1) нұсқаманың (актінің, қаулының) жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және

(немесе) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) жедел ден қою шарасы (қызметті оның қолданылу мерзімдерін белгілеп тоқтата тұру немесе оған тыйым салу);

8) анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі ықтимал іс-қимылдарға ұсынымдар мен нұсқаулар;

9) бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізуге тартылған адамдардың нұсқамамен (актімен, қаулымен) танысуы немесе тағыудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;

10) бақылау және қадағалау органы басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолтаңбасы көрсетіледі.

Жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқаманың (актінің, қаулының) нысандарын осы Заңның 10-бабының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар бекітеді.

5. Жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқамаға (актіге, қаулыға) бақылау және қадағалау органының басшысы қол қояды және бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті адамына қол қойғызып табыс етіледі.

6. Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті адамы бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме беріп, нұсқаманы (актіні, қаулыны) қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқаманы (актіні, қаулыны) қабылдаудан бас тартылған жағдайда, оған тиісті жазба енгізіледі және мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам және бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті адамы қол қоятын хаттама жасалады. Жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқама (акт, қаулы) хаттама жасалған кезден бастап табыс етілді деп саналады.

7. Жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқаманы (актіні, қаулыны) алудан бас тарту оны орындамау үшін негіз болып табылмайды.

8. Жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқаманы (актіні, қаулыны) бақылау және қадағалау субъектісі дереу орындауға тиіс. Бақылау және қадағалау субъектісінің шағым беруі жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқаманың (актінің, қаулының) орындауын тоқтата тұрмайды.

9. Анықталған бұзушылықтар жойылған жағдайда бақылау және қадағалау субъектісі тиісті бақылау және қадағалау органына өзінің қызметін одан әрі қайта бастау үшін анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Бақылау және қадағалау органы жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқамалардың (актілердің, қаулылардың) орындауын бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

10. Анықталған бұзушылықтардың жойылғанын растайтын тексеру нәтижелері туралы актінің негізінде бақылау және қадағалау субъектісі патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу бойынша өз қызметін не оның жекелеген түрлерін қайта бастайды.

11. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу бойынша тыйым салынған қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

5-тарау. МИКРООРГАНИЗМДЕР КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ

22-бап. Коллекциялық қызмет

1. Патогенді микроорганизмдердің бірегейлігін, олардың ғылыми, білімдік және практикалық құндылығын, ғылыми, зерттеу және өндірістік қызметте қолданбалы пайдалану мүмкіндігін зерделеу және айқындау, оларға қатысты халықаралық және ұлттық патенттік рәсімдерді жүргізу үшін коллекциялық қызмет жүзеге асырылады.

2. Коллекциялық қызмет патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларында патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдерді жинау, сәйкестендіру, зерделеу, есепке алу, паспорттау, сақтау (депонирлеу) және күтіп-бағу арқылы жүзеге асырылады.

3. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларының сақталуына коллекциялық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бірінші басшылары жауапты болады.

23-бап. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциялары

1. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларында бірегей, оның ішінде эталондық ретінде пайдаланылатын, ортүрлі көздерден оқшауланған патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдерді, иммунитет-биологиялық препараттар мен коректік ортаны стандарттау және бақылау үшін тест-штаммдарын, өндірістік, депонырленген, патенттелген және референтті микроорганизмдер штаммдарын, сондай-ақ ғылыми, білімдік және практикалық құндылық болып табылатын басқа да микроорганизмдер штаммдарын қалыптастыру, толықтыру, есепке алу және орталықтандырып сақтау жүзеге асырылады.

2. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларында құрамы шығу тегі, түрлік туыстық белгілері, адамның, жануардың немесе өсімдіктің организмне әсер ету тәсілі бойынша қалыптастырылатын және бастапқы сипаттамалары сақталатын, өміршір күйде ұсталатын микроорганизмдердің штаммдары болады.

3. Бірегей болып табылатын, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген және айналысқа жіберілген дәрілік заттар мен иммунитет-биологиялық препараттарды өндіру кезінде пайдаланылатын микроорганизмдердің штаммдары патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларында міндетті түрде депонырлену-ға жатады.

Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің штаммдарын патогенді, қауіптілік дәрежесі және мақсаты бойынша ұлттық коллекцияларға жатқызу тәртібі патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларында айқындалады.

4. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер аса қауіпті патогенді микроорганизмдердің үлгілерін бөлу, сатып алу және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде олардың үлгілерін патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларына сәйкес патогенді немесе өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциясына ұсынуға міндетті.

5. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциялары мемлекеттің меншігі болып табылады және жекешелендірілеу жатпайды. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қаржылық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-бағуға уәкілеттік берілген ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектеулі ақпаратты тарату үшін көзделген талаптарды ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға микроорганизмдердің штаммдарын белгіленген өлшемшарттар бойынша жүйелеу, зерделеу, іздеу және іріктеу мәселелері жөнінде консультациялық және ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді.

7. Микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыруға, жүргізу және күтіп-бағуға уәкілеттік берілген ұйымдар аса қауіпті патогенді микроорганизмнің үлгісін сәйкестендіреді, оны депонырлеуді жүзеге асырады не тиесілігі бойынша микроорганизмдердің тиісті ұлттық коллекциясына жібереді.

8. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын биологиялық қорғау биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

24-бап. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекциялары

1. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қажеттілігіне қарай патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілер ғылыми, өндірістік, диагностикалық, зерттеу мақсаттарында құрады және олар бастапқы сипаттамалары сақталатын, өміршір күйде ұсталады.

2. Патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

6-тарау. МАМАНДАРДЫ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

25-бап. Патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандарды және көмекші персоналды әлеуметтік қорғау

1. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғалардың патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналды зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары және кәсіптік аурулардың жүре пайда болу тәуекелінің болуы, сондай-ақ осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, әлеуметтік қорғалуға жатады.

2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғалардың патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналдың:

1) биологиялық тәуекелдер деңгейі ескеріле отырып, еңбегіне ақы төленуіне;

2) денсаулығын сақтауына және биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптарға сай келетін жұмыс жағдайларына;

3) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтетуге құқығы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғалардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында, ветеринария және ғылым саласында патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналды зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары, кәсіптік аурулардың жүре пайда болуының жоғары тәуекелі ескеріле отырып, етусамақалар мен қосымша ақылардан тұрады.

4. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғалардың патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналды зиянды және (немесе) қауіпті еңбек демалысы берілген кезде кемінде екі лауазымдық айлыққа мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

5. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғалардың патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналды зиянды және (немесе) қауіпті еңбек демалысы берілген кезде кемінде екі лауазымдық айлыққа мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген адамдар патогенді биологиялық агенттер мен олардың фрагменттерін табу мақсатында далалық жағдайларда инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды жұқтырғыштар мен тасымалдаушыларды (оның ішінде олардың тіршілік ету өнімдерін), ықтимал қауіпті заттар мен материалдарды, оның ішінде табиғи ортаның жекелеген компоненттерінен іріктеу және тасымалдау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік іссапарларға жіберілетін жұмыскерлер үшін көзделген төлемақы жүзеге асырылады.

26-бап. Патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға арналған мамандардың кадр резерві, оларды жұмылдыру шарттары

1. Биологиялық қауіпсіздік саласында жеткілікті кадр ресурстарын, биологиялық қатерлерге, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде барабар ден қоюға мүмкін болмаған кезде тұрғынжайды жалдау бойынша шығындарды өтеу растаушы құжаттарсыз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

26-бап. Патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға арналған мамандардың кадр резерві, оларды жұмылдыру шарттары

1. Биологиялық қауіпсіздік саласында жеткілікті кадр ресурстарын, биологиялық қатерлерге, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде барабар ден қоюға мүмкін болмаған кезде тұрғынжайды жалдау бойынша шығындарды өтеу растаушы құжаттарсыз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың I-тармағында көрсетілген мерзімде қайта ресімделмеген, патогенді I – IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсаттар өз қолданысын тоқтатады.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мамандардың патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық холдингке тиесілі заңды тұлғаларға жұмысқа орналасуға басым құқығы болады.

3. Патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға арналған мамандардың кадр резервіне енгізілген мамандар қажет болған жағдайда биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактикалық іс-шараларды жүргізуге тартылуы мүмкін.

4. Патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың тізімі патогенді I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға арналған мамандардың кадр резервін қамтиды.

7-тарау. БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

27-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылымның басым бағыттары

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы басым ғылыми-зерттеу бағыттары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін әзірленетін және қабылданатын құжаттарында айқындалады.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы басым ғылыми-зерттеу бағыттары, оның ішінде мыналарды:

1) нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды;

2) озық халықаралық инновациялық технологияларды ендіруді;

3) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық стандарттарды әзірлеу мен ендіруді;

4) инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың профилактикасы, оларды емдеу және диагностикалау үшін иммунитет-биологиялық, дәрілік және диагностикалық препараттар әзірлеу мен өндіруді көздеуге тиіс.

3. Инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың профилактикасы, оларды емдеу және диагностикалау үшін иммунитет-биологиялық, дәрілік және диагностикалық препараттарды әзірлеу және өндіру ғылымы негізделген болуға тиіс.

4. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулер, олардың нәтижелерін беру, жариялау және қолданбалы пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге



Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

193-1-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі «атом энергиясын пайдаланатын объектілер» деген сөздерден кейін «патогендігі I топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын стационарлық ықтимал қауіпті биологиялық объектілер» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 283-бапта: тақырып «ядролық материалдармен» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттермен» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын: «4. Аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттермен тиісті рұқсатсыз жұмыс істеу –

мүлкі тәркіленіп немесе оңсыз, екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

2) 284-бапта: тақырыпта «немесе ядролық материалдарды» деген сөздер «, ядролық материалдарды, сондай-ақ аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «немесе ядролық материалдарды» деген сөздер «, ядролық материалдарды, сондай-ақ аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 285-бапта: тақырып «қағидаларын» деген сөзден кейін «немесе аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі талаптарды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «3. Алайсызға адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға алып келген, аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатын патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі талаптарды бұзу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе оңсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

3. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 9-бап мынадай мазмұндағы 40-1), 40-2), 40-3), 40-4) және 40-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«40-1) денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

40-2) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензияны беруді жүзеге асырады;

40-3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

40-4) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданысын қайта бастау, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтата қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

40-5) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді»;

2) 17-бапта: 1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсету»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензияны және лицензияның телнұсқасын беру және қайта ресімдеу, рұқсатты бақылауды жүзеге асыру, лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібі мен шарттары «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.»;

3) 19-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша»;

4) 21-бапта: тақырыптағы «Патогендігі I – IV топтың микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат» деген сөздер «Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган меншік нысанына қарамастан микробиологиялық зертханаларға патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі комиссияның (режимдік комиссияның) қорытындысы негізінде береді.»;

2-тармақтағы «Биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақталуын бақылау жөніндегі комиссия (режимдік комиссия) туралы ережені және режимдік комиссияның құрамын» деген сөздер «Биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі комиссия (режимдік комиссия) туралы ережені және оның құрамын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инженерлік, операциялық және техникалық талаптарды (зертхананың биологиялық қауіпсіздік деңгейі) қамтитын зертханалық тежеу шаралары сақталған кезде патогенді биологиялық агенттермен ғылыми-зерттеу, эксперименттік, өндірістік, далалық және диагностикалық жұмыстарды жүргізуге патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша жұмыста пайдаланылатын патогенді биологиялық агенттердің түзелу тобына байланысты беріледі.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызмет жүзеге асырылатын әрбір объектіге (стационарлық немесе мобильді) патогенді биологиялық агенттердің атауларын көрсетіле отырып, патогендік тобы және қауіптілік дәрежесі ескеріліп, патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша беріледі.»;

4) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «4. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект қызметінің осы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны беруге негіз болып табылады.»;

5) Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны беруден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны алуға қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбау не анық емес құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

2) эпидемиологиялық мәні жоғары объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болмауы;

3) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу негізінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі комиссияның (режимдік комиссияның) теріс қорытындысы»;

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттан және оған қосымшадан айыруға мыналар негіз болып табылады:

1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның қолданысын тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтың белгіленген мерзімде жойылмауы;

2) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның қолданысын тоқтата тұруға негіз болған, адамдардың, жануарлардың саулық жағдайына, өсімдіктер мен қоршаған ортаға қауіпті әсер ететін бұзушылықтың соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде қайта анықталуы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттан және оған қосымшадан айыру не оның қолданысын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.»;

7. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның қолданысын тоқтатуға мыналар негіз болып табылады:

1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттан және оған қосымшадан айыру;

2) рұқсат беру тәртібінің күшін жою;

3) заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы, оның таратылуы;

4) өтініш берушінің патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның қолданысын тоқтата тұрауы өз еркімен жүгінуі;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның қолданысын тоқтатылған кезден бастап патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.»;

5) 30-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

6) 36-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын, эпидемиология мәні жоғары ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

7) 45-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі «ерекше тәртіп бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

8) 52-баптың 3-тармағында:

бірінші бөлікте:

1) тармақшадғы «жоспардан тыс тексеру» деген сөздер «тексерулер» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадғы «жүргізу нысанында жүзеге асырылады.» деген сөздер «жүргізу» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

4) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер;

5) терген-тексеру нысанында жүзеге асырылады.;

екінші бөлік алып тасталсын;

9) 94-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге қойылатын талаптарды қамтитын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттары биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптар ескеріле отырып әзірленеді және қолданылады.»;

10) 95-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы «қадәге жаратуға» деген сөздерден кейін «(жоюға)» деген сөзбен толықтырылсын;

11) 14-тарау мынадай мазмұндағы 95-1-баппен толықтырылсын:

«95-1-бап. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларын жинау, сәйкестендіру, зерделеу, есепке алу, паспорттау, сақтау (депонирлеу) және күтіп-бағу Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

12) 113-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі «тәртіпке сәйкес» деген сөздерден кейін «, биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесін және биологиялық тәуекелдерді бағалауға қойылатын талаптарды ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 221-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау мәселелері бойынша қосымша білім беруді білім беру және ғылым ұйымдары, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институтональдық аккредиттенуден өткен кәсіптік өзін-өзі реттейтін ұйымдар жүзеге асырады.»;

4. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 1-тармағында:

5) тармақша «талаптарды» деген сөзден кейін «, оның ішінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын: «8-2) өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»;

16) тармақшадғы «халықаралық нормалардың талаптары мен ұсынымдарды ескере отырып, фитосанитариялық тәуекелді бағалаудың ғылыми қағидалары негізінде» деген сөздер «фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу қағидалары негізінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасына, халықаралық нормалар мен ұсынымдарға сәйкес биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесін ескере отырып,» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-2-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

3) 12-1-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттың және оған қосымшаның негізінде жүзеге асырылады.»;

5. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган патогенді биологиялық агенттер пайдаланылатын және (немесе) ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты терроризм актілеріне және (немесе) диверсияларға, патогенді биологиялық агенттерді бактериялық (биологиялық) және уытты қару ретінде әзірлеу (жасау),

өндіру (дайындау) және пайдалану үшін биологиялық технологиялар мен өзге де аралас технологияларды қолдануға жол бермеуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеуге және іске асыруға қатысады.»;

6. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-3-бапта:

1-тармақ «қауіпсіздігі» деген сөзден кейін «, биологиялық тәуекелдердің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «негізінде» деген сөзден кейін «, сондай-ақ Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын ескеріле отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 15-1-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты мемлекеттік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

7. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 5) тармақшасы «халықаралық нормаларды ескере отырып, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді» деген сөздер «халықаралық нормаларды, Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын ескере отырып, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 46-28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«46-28) ветеринария саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын әзірлеу және бекіту»;

3) 11-баптың 1-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацындағы «сақтаулы микроорганизмдер штамдарының Ұлттық» деген сөздер «Патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын: «12-3-бап. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қызмет

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге байланысты қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша негізінде жүзеге асырылады.»;

5) 14-6-бап мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

«1-3. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жүзеге асырылатын ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

6) 26-баптың 2-тармағы «тәртібі» деген сөзден кейін «, оның ішінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын ескеріле отырып әзірленетін және қолданылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 26-1-баптың 2-тармағындағы «ғылыми деректерге, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды ескере отырып анықталатын» деген сөздер «ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттар мен ұсынымдар, биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесі ескеріле отырып анықталатын ғылыми деректерге,» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 33-баптың 3-тармағындағы «сақтаулы микроорганизмдер штамдарының Ұлттық» деген сөздер «Патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 35-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасындағы «сақтаулы микроорганизмдер штамдарының Ұлттық коллекцияларын сақтауға» деген сөздер «Патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыруды, жүргізуі және күтіп-бағуды қамтамасыз етуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 6-2) тармақшасындағы «Микроорганизмдерді депонирленген штамдарының» деген сөздер «Патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

8. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы «жөніндегі» деген сөзден кейін «, оның ішінде радиациялық, химиялық және биологиялық қауіпсіздікке байланысты» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 22-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

«5-4) Қарулы Күштерді радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»;

9. «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескеріле отырып реттеледі.»;

2) 4-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «3) Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын әзірлеу кіреді. Биологиялық қауіпсіздік саласын қозғайтын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары шеңберінде ғылыми зерттеулерді іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік сал